

**Зат есімнің
тәуелденуі**



Сабақтың мақсаты:

- Оқушыларға зат есімнің тәуелденуі жайлы түсінік беріп, сыни тұрғыдан ойлай отырып, тәуелдік жалғаудың мағынасын байқату.
- Тапсырмаларды орындау арқылы зат есімнің тәуелденуі жайлы түсінік қалыптастыру; сөз табына талдау.
- Ізденуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге, ой қорытынды шығара білуге үйрену.





Сабақтың нәтижелері

- Зат есімнің тәуелденуі жайлы түсінік қалыптасады, сыни тұрғыдан ойлай отырып, тәуелдік жалғаудың мағынасын ашады, ынтымақтаса отырып жұмыс істеуге үйренеді.



Түрі: сыни тұрғыдан ойлай
отырып, топпен жұмыс жасау

Әдісі: түсіндіру, сұрақ – жауап, кестелер

Көрнекілігі: интерактивті тақта, кестелер,
суреттер, т.б.

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі:

- Оқушылармен сәлемдесу
- Оқушыларды түгендеу
- Оқушылардың назарын сабаққа аудару





Шаттық шеңбері

Армысың, сұлу күн!

Армысың, ашық аспан!

Сәлем бердік баршаңызға

II. Үй тапсырмасы

- Үйге қандай тапсырма берілді?
- Үйден жазған жаттығуларын оқып тексереді



“Сәйкестендіру” ойыны



Жаңа сабақ

- Кітаппен жұмыс

38- жаттығу Сөйлемдерді оқы. Суретпен берілген сөздердің түбірі мен қосымшасын ажырат.

Сағатым, мысығың, қаламы

- Сөздерге жалғанаған қосымшалардың қандай мағынаны білдіріп тұр.




ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

- Мынау кімнің қаламы? -Менің қаламым
- Мынау кімнің кітабы? - Сәуленің кітабы
- Мынау кімнің дәптері? -Сіздің дәптеріңіз
- Зат есімге жалғанған -ым, -ы, -іңіз

қосымшаларды ата.

Олар нені білдіріп тұр?

- 
- Түсіну: 39-жаттығу Сөздерді төмендегі үлгі бойынша өзгертіп жаз.

Ана, қол, қозы, етік

- Сөздерге жалғанған қосымшаларды тауып, астын сыз. Бұлар жұрнақ па, жалғау ма?
- Бұл қосымшалар қандай мағынаны білдіріп тұр?



Ереже

- Заттың біреуге тән екенін білдіретін жалғауларды **тәуелдік жалғаулар** деп атайды: *әке-м, әже-ң, ата-сы*. Тәуелдік жалғаулар үш жақта, жекеше және көпше түрде айтылады: *көрші-м, көрші-ң, көрші-сі; көрші-міз, көршілер-ің, көршілер-іңіз, көршілер-і*.



- Қолдану: 40-жаттығу Жұмбақты оқып, шешуін тап.

Қанаты жоқ – ұшады,

Аяғы жоқ – желеді,

Аузы жоқ – ұлиды. (Аяз)

- Тәуелдік жалғауы жалғанған сөздерді тап, оларға сұрақ қой.

41 – жаттығу Өлеңді оқып, жатқа жаз.

Түйем шықты өріске,

Боталары маймандап.

Қойым өрді қапталдап,

Қозыларым салды ойнақ.

- Тәуелдеулі сөздерді тауып, астын сыз.
- Қарамен жазылған сөздерді түбір мен қосымшаларға ажырат.





Сергіту сәті

**Аспанға қарап ай көрдік,
Төменге қарап жер көрдік.
Оңға, солға бұрылып,
Егеменді ел көрдік.**



- Талдау: 42 – жаттығу Берілген сөздерді тәуелдену ерекшелігіне қарай топтап жаз.

Добым

Оқушылары

Добың

Дәптерім

Дәптерің

Дәптері

Дәптеріңіз

Оқушылар
ың

Оқушыларыңыз

Добыңыз

Оқушыларым

Добы

Сабақты қорыту

-Бүгін сабақта нені білдік?

-Зат есімнің тәуелденуі дегеніміз не?



- **Балалардан қай сабақ өтілгенін, не үйренгендерін сұрау.**
- **Сабаққа жақсы қатысқан балаларды мадақтай отырып, сабақты аяқтау.**





Үйге тапсырма

- 43-жаттығуды жазу.
- Ереже жаттау.